ЖШС «Ара Майя» бөбекжайы

Тақырыбы: «Қош келдің,Жаңа жыл!»

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Қош келдің,Жаңа жыл!»
Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру.Бір біріне қуаныш сыйлауға,достыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
(Балалар музыка ырғағымен залға кіреді.)
Жүргізуші сөзі: Қош келдің бүгінгі Жаңа Жыл кешімізге,
Жаңа табыс тілейік ісімізге.
Келе жатқан Жаңа Жыл құт әкелсін.
Мына отырған барша жан бәрімізге! – дей отырып, бүгінгі Жаңа Жыл Мерекесіне арналған ертеңгілігімізді тамашалаңыздар!
Ән: «Жаңа жылды тойлайық»
Жүргізуші: Ақ сақалды шал жылына
Бір-ақ рет келіп кетеді
Қызы мен ұлына
Сыйлық алып келеді.
Ол кім?
Балалар: Аяз ата!
Жүргізуші: Олай болса Аяз атаны шақырайық!
Балалар: Аяз ата! Аяз ата! Аяз ата!
(Аяз ата залға кіреді)
Аяз ата: Ассалаумағалейкум,
Жыр кешкен ел.
Нарына нарық заман мінгескен ел.
Би: Восточный
Аяз ата: Сендер әнді жақсы айтып, биді де жақсы билейді екенсіңдер. Шаршадым отырып демалайын. Балалардың дайындаған тақпақтарын тыңдайды.
Тақпақтар:
Ән: «Аяз ата»
Аяз ата: Рахмет сендерге балалар! Бүгінгі кеш өте көңілді болғандықтан, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.
Ойын: «Қар жинау»
Аяз ата: Керемет, керемет! Бүгін мен өзімді сондай жақсы сезініп отырмын. Бүгінгі кешке тағы біреу келе жатқан сияқты.
(Қолын бұлғап, музыка ырғағымен Сиқыршы залға кіреді)
Аяз ата: Балалар, бұл келген қонақ жай адам емес, көріп тұрғандай Сиқыршы. Ол барлық сиқырды жасап үйреніпті.
Аяз ата: Ал, сиқыршы қандай сиқыр үйренгенінді байқайық. Өзіннің сиқыр өнеріңмен
менің немеремді «Ақашақарды шығаршы»
Сиқыршы: Жарайды, бұл өте оңай.(Музыка ойнайды) «Ақшақар» (3) пайда бол! (Шапалақтау)
Мыстан кемпір көңілді жұлдызшасымен өлең айтып кіреді.
Мыстан кемпір: Сәлеметсіз бе, Аяз ата. Міне мен де келдім. Сіз мені шақырдыңыз ба?
Аяз ата: Мен өз немеремді танымай тұрмын. Сен не болып кеткесің. Мына сиқын не? Сен қай сұлулық салонында болғансың?

Мыстан кемпір: Ата, сіз білесіз ғой, мен сізді қалай жақсы көретінімді. Мен сіздің немереңіз Ақшақармын . Танымай қалдыңыз ба?
Аяз ата: Балаклар айтыңдаршы Ақшақарқға ұқсай ма?
Балалар: Жоқ
Аяз ата: Жоқ, жоқ Сиқыршы жасаған қатенді тез түзет»
Сиқыршы: Қазір қателігімді түзетемін. (сиқырлау).
Балалар тамаша би билеп беріңдерші. Сиқырға күшім жетпей жатыр.
Би:
Сиқыршы: Нағыз Ақшақар пайда бол!(сақалын жұлу)
(Мыстан кемпір сыпырғышына отырып, Ақшақар ұшып келеді)
Ақшақар: Ха, ха, ха! Неге өлең айтпайсыңдар? Сәлем шал! Менен бұрын неге келесіңдер? Бұнда не жиын?
Жүргізуші: Бізде Жаңа Жыл мерекесі.
Ақшақар: Жаңа Жыл не үшін керек? Қажет емес, қажет емес!
Аяз ата: Ой, ой, ой!(басын шайқайды) Сен бәрін бүлдірдің ! Өзім араласпасам болмайды.(сиқырлау) Музыка ырғағымен айналу.
Осы кезде Мыстан кемпір өз кейіпіне еніп, Ақшақардың сыпырғышын жұлып алады.
Бер маған!Біз әлі кездесеміз! Мұнымен іс әлі біткен жоқ!(шығып кетед!)
Ақшақар: Ата, мені кешіріңіз! Мен өзіме не болғанын түсінбей қалдым. Бүгінгі кеш көңілді өтсің!
Аяз Ата: Сиқыршы, Балам, саған әлі де болса, көп оқып, үйрену керек.
Сиқыршы: Балалар мен әлі де болса білім алып, көп үйренуім керек. Келесі жолы сиқырымды үйреніп келемін.(сиқыршы шығып кетеді)
Ақшақар: Жаңа жылдарыңызбен, кішкентай бүлдіршіндер! Мен сендерге жаңа жылда абай болып жүріңіздер демекпін!
Жүргізуші: Ақшақар, Ақшақар сенің көңіл-күйін түспесін! Біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің саған арнаған әсем әні мен биін тамашалаңыз.
Би: «Жаңа заман биі»
Күлдірген: Мен күлдірген, күлдірген барша жұртты күлдірген жиналған жұртты алдында өнерімді білдірем.
Сәлем достар ха, ха, ха! Ойын ойнағанды жақсы көресіңдер ме?
Балалар жауап береді.
Ойнау үшін менімен бірге күлулерің керек! Кім жақсы күледі сол баламен ойын ойнаймын. (Бәрі қарқылдап күледі)
Ойын: Ата-ана мен бала шыршаны безендіру.
Аяз-ата: Анасымен баласы шыршаны әдемі безендірдіңдер рахмет! Қап сыйлық берейін десем қап орманда қалып қойыпты ғой.Саған күлдіргі тапсырма менің қабымды алып келші.
Күлдіргіш: Мен қай жерде қалғанын білемін. Қазір алып келемін.(шығып кетеді)
Жүргізуші: Жаңа жылда ғажайып сәттер көп болады. Бізге қонаққа кішкентай гномдар келіп қапты.
Би: «Грузин»
Ән: «Құтты болсын Жаңа жыл!»
Би: Гусарлар
Аяз ата: Ал енді қоштасатын сәи келді және балаларға сыйлықтар таратайын! Әлгі күлдіргі қайда жүр? (залға қап жүгіріп кіреді, оның артынан күлдіргі қапты ұстай алмай қуып жүреді)

Күлдіргі: Аяз ата, мына қап мені тыңдамайды. Ұстаңдаршы! Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарын да ақылды, білімді де өнерлі екенсіңдер!
Аяз ата: Қазір мен өз сиқырымды қолданып жіберейін!(Аяз ата қапты сиқырлайды, қап шыршаның артында қалып қояды) Нағыз сыйлықты Ақшақар мен Күлдіргі алып шығады. (Тосын сәт)
Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал балаларым сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер.
Аспандарын ашық болсын! Қош болындар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді)
Балалар: Сау болыңыздар.
Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! 2014- шы жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!



